

Әбу Насыр әл-Фараби
«Музыканың үлкен
кітабы»

Алтаев Ж.А



Әбу Насыр Әл-Фараби ([араб.](#): أبو نصر محمد الفارابي) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.)

-

әлемгеәйгілі [ойшыл](#), [философ](#), [социолог](#), [математик](#), [физик](#), [астроном](#), [ботаник](#), [лингвист](#), [логика](#), [музыка](#) зерттеушісі

Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясына арналған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегі. Ғұлама бұл еңбегінде математикалық тәсілдерді пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби десек біз қателеспеген боламыз. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар. Фарабидің бұл музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиясымен байланысына дейінгі «музыкалық ғылымының» мәселелеріне ғана айналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған

Әл-Фарабидің музыкасы, поэзиясы эстетикалық көз қарасы осы ктұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музыка теориясын ғана емес музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнайда білген екен. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыка зерттеушісі үнге дейін толық зерттелінбей келеді.



Музыка саласындағы зерттеу еңбектерінде Фараби музыканың емдік қасиетін, жағымды әсерін, дәлелдеді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музыка шығару қабілеті дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысын көрсетіп адамның жан-жақты дүниесіне жағымды, жағымсыз әсер ететін музыкалық жанрларға талдау жасайды. «Музыканың үлкен кітабы»: музыка өнеріне кіріспе; музыка өнерінің негіздері музыкалық композиция деген үлкен-үлкен төрт тараудан тұрады. Фарабидің бұл еңбегі XV ғасырда-ақ латын тіліне аударылып, Европа музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. 1930-35 жылдары француздың белгілі музыка зерттеушісі Г. Эрланже француз тіліне «Музыканың үлкен кітабын» аударған. Ол., «...Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан артықшылығы жер мен көктей» деп жазса ағылшынның қазіргі үлкен бір музыка зерттеушісі Г. Фармер: Фараби орта ғасырдағы музыка жазған ең үлкен авторлардың бірі болды-деп жазды

Фараби музыка теориясын бес салаға бөледі

- 1. Музыка туралы ілімнің, негізгі, зерттеу объектісі, тәсілдері.**
- 2. Музыка туралы ілімнің негіздері, тондардың өзара байланысы мен қатынасы.**
- 3. Музыка теориясының негіздерін зерттеу тәсілдерін қолдана білу (тәжірибе)**
- 4. Тондардың негізін құрайтын музыкалық ырғақтар табиғаты.**
- 5. Музыкалық әуен, оны шығару жолдары**

Әбу-Насыр әл-Фаарби музыкалық дыбыстардың үндестігі жайлы ойларын дамыта, айта келіп, олардың санын оңға жеткізеді:

- 1. Композицияға қосылып оны көркемдей түсетін немесе мәнін төмендететін гармония.**
- 2. Уақыт гармониясы немесе ырғақ мәселесі.**
- 3. Белгілі бір әуен құрайтын ноталарды топтастыру гармониясы.**
- 4. Музыкалық әуен құрайтын басқыштарды топтастыру гармониясы.**
- 5. Белгілі бір музыкалық әуен құру үшін ноталардың өзара алмасуының ерекше гармониясы.**
- 6. Бір тектес үндес ноталарды қосу гармониясы.**
- 7. Музыкалық әуен құрайтын басқыштар гармониясы.**
- 8. Интервалдар гармониясы.**
- 9. Әр түрлі тональдықтар негізінде алынатын құрылысы, ортақ гармониялар.**
- 10. Ноталардың биіктігі мен төмендігі жәйлі гармония.**